

Көшелерге қайта атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 тамыздағы № 40 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 тамызда № 4712 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облысы ономастика комиссиясының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақбұлақ ауылдық округінің Ақбұлақ елді мекеніндегі көшелерге қайта атаулар берілсін:

- 1) Колхозшы көшеге - Ұлытау атауы;
- 2) Амангелді көшесінің құрамдас бөлігін (тупик)-Бастау атауы.

2. "Сайрам ауданының Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;
- 3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Сайрам ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

А.Керимов